

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022

ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәліқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Раушан Жәліқызы

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ТАРИХ ИСТОРИЯ HISTORY

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_41-55

FTAMP 03.61.91

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖАҚ (ЖАЙ) ҚАРУЫ

Ө.М. Ағатай*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Қазақстан, Астана.

*Автор-корреспондент

E-mail: agatayotkirbay@gmail.com (Ағатай).

Андатпа. Мақалада Орта ғасырлар мен Жаңа дәуірдегі Ұлы дала көшпенділерінің қашықтан ұрыс жүргізу құралы – жақ (жай) туралы мәліметтер бар қазақ батырлар жырлары материалдары зерттелді. Бұрын бұл мәліметтер өз деңгейінде арнайы ғылыми зерттеу объектісі ретінде қарастырылмаған және батырлар жырлары шет тілдеріне аударылмаған. Фольклорлық, заттық және жазба дереккөздерді кешенді талдау негізінде Орта ғасыр мен Жаңа дәуірдегі түркі жауынгерлерінің жақтарының түпнұсқа атауларын, сондай-ақ ерекшеліктері мен олардың кейбір атауларын анықтауға әрекет жасалды. Жинақталған, жүйеленген және анализ жасалған материалдарды зерттеу барысында қазақ батырлар жырларындағы жақ қаруына қатысты қолданатын негізгі терминдер анықталып, атрибуцияланды. Атап айтқанда, Орта ғасырлар мен Жаңа дәуірдегі Қазақстан мен оған іргелес аумақтардың көшпенді жауынгерлерінің қашықтан ұрыс жүргізу қаруының бірнеше атаулары: жақ, жай, садақ, саржа, бұхаржа, адырна болғаны белгілі болды. Байырғы кезең, ерте Орта ғасырлар дәуірінде белгілі болған түркі жауынгерлерінің жақ (жай) қаруының атауы бірнеше түрлі атауларға өзгеріп, көп ретте сол қару атауы метонимиялық ауысу нәтижесінде оның бір ғана құрылымының атауымен қазақ әскери лексикасына енгенін көреміз. Мысалы жақтың (жайдың) негізі функционалдық құрылымы болып табылатын ағаш, мүйіз, сүйектен жасалатын иіні адырна, бәйенек терминдерімен берілгені белгілі болды. Ал жақтың (жайдың) қабы ретінде белгілі садақ кейінгі қазақ әскери лексикасында жақтың өзіне қолданып кеткенін байқаймыз. Жалпы алғанда қазақ батырлар жырларындағы жақ (жай) қашық ұрыс қаруы, заттай (археологиялық артефактілер), жазба деректердегі оның түпнұсқа үлгілері мен атауларына толық сәйкес келетіні анықталды.

Түйін сөздер: дәстүрлі қару, садақ, Ұлы дала көшпенділері, қазақ батырлар эпосы.

МРНТИ 03.61.91

ТРАДИЦИОННОЕ ОРУЖИЕ ЛУК В КАЗАХСКОМ ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ

У.М. Ағатай^{1*}

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева. Казахстан, Астана.

*Корреспондирующий автор

E-mail: agatayotkirbay@gmail.com (Ағатай).

Аннотация. В статье изучены материалы казахского героического эпоса, содержащие сведения об оружии дистанционного боя – лука кочевников Великой степи эпохи Средневековья и

Нового времени. Ранее данные сведения не становились объектом специального научного исследования и не были переведены на другие языки. На основе комплексного анализа фольклорных, вещественных и письменных источников была предпринята попытка определить оригинальные названия луков тюркских воинов Средневековья и Нового времени, а также их конструктивные особенности. На основе изучения собранных, систематизированных и проанализированных материалов выявлены и атрибутированы основные термины, применяемые в казахском героическом эпосе, для обозначения оружия дистанционного боя кочевников рассматриваемого периода. Так, в частности, установлено, что в эпоху Средневековья и Нового времени оружие дистанционного боя у воинов-номадов Казахстана и сопредельных территорий имело несколько наименований: жак, жай, садак, саржа, бухаржа, адырна. Мы видим, что название оружия дистанционного боя – лук (жак, жай) тюркских воинов, которое было известно в эпоху Древности и раннего Средневековья, изменилось и стали использоваться несколько различных названий, во многом в результате метонимического перехода, то есть название отдельной части структуры лука переносилось на весь предмет, которое затем вошло в казахскую военную лексику. Так, например, название кибити адырна и байенек, сделанная из кости, рога и дерева представляющая собой основную функциональную структуру лука, было перенесено на общее название традиционного лука кочевников. А известный как налуч для лука садак вошел в более поздний казахский военный лексикон для обозначения самого лука. Сопоставление описания оружия дистанционного боя в казахском героическом эпосе с их подлинными образцами из археологических памятников и характеристиками письменных источников, показало высокий уровень корреляции фольклорных и вещественных источников.

Ключевые слова: традиционное оружие, лук, кочевники Великой степи, казахский героический эпос.

Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (грант № BR10965240).

IRSTI 03.61.91

A BOW AS A TRADITIONAL WEAPON IN THE HEROIC EPICS OF THE KAZAKHS

O.M. Agatay^{1*}

L.N. Gumilyov Eurasian National University. Kazakhstan, Astana.

*Corresponding author

E-mail: agatayotkirbay@gmail.com (Agatay).

Abstract. The article introduces information about heroic epics of the Kazakhs, containing facts about a ranged weapon – a bow of the nomads of the Great Steppe of the Middle Ages and New Age. Before this information was not an aim of special scientific research and was not translated into other languages. Based on a comprehensive analysis of folklore, artefacts and written sources, there was an attempt to find out the original names of the bows of the Turkic warriors of the Middle Ages and New Age as well as their construction features. The basic terms used in the heroic epics of the Kazakhs were identified and attributed to denote a ranged weapon of the nomads of the abovementioned period on the basis of the research of collected, systematized and analyzed facts. In addition, in particular, it was found out that in the Middle Ages and New Age, a ranged weapon of nomadic warriors of Kazakhstan and adjacent lands was differently named: jaq, jai, saadaq, sarja, buharja, adyrna. Here, we see, a name of a ranged weapon – a bow (jaq, jai) of the Turkic warriors known in the ancient times and early Middle Ages, changed and a few various names became applicable, largely as a result of metonymic transition, that is, a name of a separate part of the structure of the bow was applied to the whole item, which then entered the military vocabulary of the Kazakhs. Thus, for instance, the name limb – adyrna and baienek made of bone, horns, and wood, featuring the basic functional structure of the bow, was applied to the

common name of a traditional bow of the nomads. And known as a bow case of a bow – saadaq entered later military vocabulary of the Kazakhs to denote the bow. When comparing the description of a ranged weapon in the heroic epics of the Kazakhs with its genuine samples from archaeological monuments and traits of written sources, a high level of correlation between folklore and artefacts is noticeable.

Key words: traditional weapons, bow, the nomads of the Great Steppe, the Heroic Epics of the Kazakhs.

This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant No. BR10965240).

Кіріспе. Заманауи археологиялық, тарихи және этнографиялық зерттеулердің маңызды бағыты Орта ғасыр кезеңі мен Жаңа дәуірдегі Қазақстан мен оған іргелес аумақтар көшпенділерінің қару-жарағын зерттеу болып табылады. Мұндай зерттеулер негізінен заттай (атап айтқанда археологиялық), жазба және бейнелеу дереккөздерін кешенді талдау арқылы жасалады. Алайда бұл дереккөздер әртүрлі шабуыл қарулары мен қорғаныс жарақтарының түпнұсқа атауларын, оларды қолдану ерекшеліктерін, жауынгердің оларды жорықта алып жүруін, сондай-ақ Орталық Азия, Еуразия түркі көшпенділерінің материалдық және рухани мәдениетіндегі орнын анықтау мәселелерін тереңірек нақтылауға әрдайым мүмкіндік бере бермейді. Эпикалық шығармалар материалдары көбінесе осы сұрақтарға жауап беруге көмектеседі.

А.И.-М. Сикалиев, Р.С. Липец, Ю.С. Худяков, Л.А. Бобров, А.Қ. Көшкімбаев, Қ.С. Ахметжан еңбектері тиісті ғылыми әдістерді пайдалану және фольклорлық деректерді заттық, жазба және бейнелеу дереккөздері материалдарымен салыстыру Еуразия көшпенділерінің әскери-мәдени мұрасын зерттеуде түркі, монғол және ойрат эпостары маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Сондықтан, кейінгі Орта ғасыр мен Жаңа дәуірдегі түркі көшпенділерінің арнайы зерттеу объектісі болмаған эпикалық шығармаларын, атап айтқанда қазақ батырлар жырларын ғылыми айналымға енгізу және жан-жақты талдау өзекті ғылыми міндет болып саналады.

Зерттеу материалдары. Зерттеу фольклорлық, археологиялық және жазба дереккөздерін кешенді талдауға негізделген. Фольклорлық деректер ретінде Қырымның қырық батыры, Мәулімнияз-Едіге, Ертедегі Шора батыр, Қобыланды батыр (Мергенбай жыршы нұсқасы), Қобыланды батыр (Нүрпейіс Байғанин нұсқасы), Мырқы батыр, Орта жүз Олжабай батыр, Барак батыр, Қарасай-Қази (Құдайберген Шоқаев нұсқасы), Қарасай-Қази (Нұртуған Кенжегүлұлы нұсқасы), Ер Қосай, Олжаш батыр сияқты батырлар жыры материалдары пайдаланылды. Археологиялық деректер ретінде 1975–1979 жылдар аралығында И.С. Каменецкий жетекшілігімен Ростов облысында (РФ) жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары материалдары пайдаланылды. Жазба дереккөздері ретінде көне түркінің Оғыз қаған туралы аңызы ескерткіші, XI ғасырдағы Қарахандар дәуірінде өмір сүрген түркінің ғұлама ойшылы Жүсіп Баласағұнның Құтадғу білігі, XIII ғасырдағы францискандық монах Иоанн де Пано Карпинидің Монғолдар тарихы, XVI ғасырдың бірінші жартысында Еуразияның батыс даласына сапар шеккен Қасиетті Рим империясының дипломаты С. Герберштейннің жазбалары, XVI ғасырдың ортасында Еуразияның батыс даласынан жүріп өткен ағылшын саяхатшысы А. Дженкинсонның жазбалары, XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Цин империясының Циньдин Хуаньюй Сиюй тучжи жазба дерегі, XIX ғасырда өмір сүрген қазақ ғалымы, этнографы, саяхатшысы Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектері, түркі халықтарының тілін, тарихын зерттеген В.В. Радлов сөздіктері, қазақ халқы туралы этнографиялық жазбалар қалдырған А.И. Левшин еңбектерінің деректері тартылды.

Зерттеудің мақсаты – кейінгі Орта ғасыр мен Жаңа дәуірдегі Қазақстан мен іргелес аумақ көшпенділерінің қашық ұрыс қаруын зерттеудегі қазақ батырлар жырларының рөлін нақтылау болып табылады. Зерттеудегі мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылған:

а) қазақ батырлар жырларында айтылатын жақ (жай) қаруына қатысты негізгі терминдерді анықтау және атрибуциялау;

ә) корреляция деңгейін анықтау мақсатында қазақ батырлар жырларындағы жақ (жай) қаруын археологиялық ескерткіштерден және жазба деректердегі түпнұсқа үлгілерімен салыстыру;

б) қазақ батырлар жырларын талдау негізінде кейінгі Орта ғасыр кезеңі және Жаңа дәуірдегі Қазақстан мен оған іргелес аумақ көшпенділерінің жақ (жай) қаруының ерекшеліктерін бөліп көрсету.

Дереккөздерді өңдеу методикасы зерттеу міндеттеріне негізделген. Материалдарды талдау және интерпретациялау барысында салыстырмалы-сипаттау, мерзімделген сәйкестіктер әдісі, қалыпқа келтіру (жаңғырту), верификациялау және корреляциялау, фольклорлық дереккөздерді талдау әдістері қолданылды (Бобров, Ожередов 2021: 12).

Зерттеу нәтижелері. Қазақ батырлар жырларында батыр-жауынгердің ажырамас бірден-бір қарулары – жақ (жай) пен оқ (жебе) өте жиі айтылады. Аталмыш жақ (жай), найза, қылышпен бірге ең көп жырланатын қару болып табылып, қарутану ғылымында ол қолдан ататын қашық ұрыс қаруларына жатады. Қазақ зерттеушісі А.Қ. Көшкімбаевтың тұжырымы бойынша қазақ жақтары¹ конструкциясы бойынша күрделі құрамды жақтар санатына жатқызылып, ұзындығы бойынша 120–130 см жеткен (Кушкумбаев 2001: 46).

Қазақ батырлар жырлары пайда бола бастаған кейінгі Орта ғасырлардағы қазақ жауынгерлерінің күрделі құрамды жақтары екі негізгі бөлік – адырна мен кірістен тұрған. Адырнаның қолға ұстайтын негізгі тұсы – белі, кіріс тағылатын екі ұшы – басы, иіліп-майысқан жері – иіні деп аталды. Адырнаның басы мен иіні жалғасқан жерінде кірістің қатты қимылын жұмсарту мақсатында тобыршақ қойылған. Аталған бөліктер түрлі табиғи материалдардан, атап айтқанда жан-жануарлардың мүйізі, сүйегі, терісі, ішегі, ағаш өнімдері, тарамыс, жібек, желім сыр-бояу т.б. материалдардан жасалатын болған (Ахметжан 2006: 94, 96).

Жақ пен оқты ғұндар мен түркілер (Худяков 1986: 139–150), көне монғолдар (Худяков 1991: 99 – 126), оғыз, қыпшақтар (Бисембаев 2003: 84; Иванов, Кригер 1988: 13), ноғайлар, қазақтар (Семенюк 1969: 265) және басқа да ерте, дамыған және кейінгі Орта ғасыр және Жаңа дәуір көшпенділері өте кең қолданған. Мысалы, көне түркілердің көрші қытайлық Тан династиясы әскерінен көбіне басып түсіп, соғыс қимылдарында оларды жеңіп отыруы түркі жауынгерлерінің жақты аса шеберлікпен пайдалануы арқасында болған (Warfare.. 2002: 40). XIII ғасырда Монғол империясында болған францискандық монах Иоанн де Плано Карпини өз жазбасында түркі-монғол жауынгерлерінің әрбірінде әскери тәртіп бойынша кемінде екі жақ болуы шартталғанын көрсеткен (Dawson 1955: 33).

Байырғы Еуразия кеңістігін және Жаңа дәуірдегі Қазақстанды мекендеген халықтардың жақ бейнелері Оңтүстік Сібір мен Орталық Азия петроглифтері мен қабір тастарында қашалған (Самашев, Жетібаев 2005: 16, 20, 34, 36, 40, 41, 46, 48). Олардың құрылымы мен жауынгерлік қолданыс ерекшеліктерін заттық және жазба дереккөздері арқылы зерттеуге болады.

Орта ғасыр дәуірінде Қазақстанды мекен еткен халықтардың қолданысында жақтың кең таралуы археологиялық материалдармен расталады. Мәселен, монғол шапқыншылығынан бұрын шығыс Дешті-Қыпшақ даласын мекендеген қыпшақтардың күрделі құрамды (композиттік) жақ элементтері археологиялық қазбалар жұмысы барысында Орталық Қазақстандағы Мыржық ескерткішінен табылды (Худяков 1997: 107, 108). Сонымен қатар, XII–XIV ғасырларға жататын жақтың ағаш бөліктері және сүйек қаптамалары Қазақстанның батыс облыстарынан табылған (Бисембаев 2003: 133).

Көптеген ғасырлар бойы жылдам ұтқырлық пен қашықтан ұрыс жүргізу басымдығы көп ретте көшпенділердің отырықшы халықтар мен елдерді жеңіп отыруын қамтамасыз етті. Жақ Жошы Ұлысы жауынгерлерінің әскери іс-қимылында үлкен рөл атқарды. Қазақстанның музей каталогтарында Жаңа дәуірдегі қазақ жауынгерлерінің жақтарының бөліктері сақталған.

¹Қазақ жақтарының бірнеше типтері, профилі бойынша пішіні, үлгілері, нұсқалары болған. Олар туралы деректі қайталап сипаттау біздің осы мақаланың мақсатына кірмегендіктен толығырақ Л.А. Бобровтың «Луки казаховских воинов эпохи позднего Средневековья и раннего Нового времени. Вопросы производства, конструкции и боевого применения» атты еңбегін қараңыз.

Л.А. Бобров құрылымы бойынша олардың барлығы күрделі құрамды (композиттік) жақтар тобына кіретіндігін атап көрсетеді (Бобров, Луки... 2012: 296, 303).

Қазақ батырлар жырларында оқ-жебені қолдан алысқа ататын қашық ұрыс қаруы садақ, жақ, жай, саржа, бұхаржа және адырна терминдерімен айтылады. Қарутану ғылымында бұл қару атауы көптеген түркі тілдерінде жақ немесе жай деп жалпылама аталуларына қарамастан сол қаруды сақтап алып жүретін садақ термині көбінесе жақтың орнына аралас қолданылады. Тіпті, көбірек қолданылады деуге де болады. Сондықтан да жыр шумақтарында олар сырлы садақ, алтынды садақ, орай садақ, қарағай садақ, берен садақ деген сыни тіркестермен айтыла береді.

Қазақ тюркологы, филологы Ә.Т. Қайдаровтың интерпретациясы бойынша садақ – бұл қазақ тілінде жақтың атауы болып қалыптасқан. Алайда бұл сөз біршама күрделі термин екенін ескере отырып ол туралы ғалым: «это слово считается производным от общей тюрко-монгольской корневой морфемы, встречающейся во всех алтайских языках, но в разном фонетическом и др. оформлении. Например, у казахов, алтайцев садақ употребляется в знач. «лук», у каракалпаков садақ в знач. «колчан», в письм.–монг. сағадағ в знач. «колчан», халха-и ойрат-монгольском сайдақ//садағ – «лук», бурят-монгольском хаадағ – «колчан для стрел» деп жазады (Қайдаров 1973: 28, 29).

Көптеген қытай, араб, парсы жылнамаларында жазылғандай кез-келген ересек көшпенді-жауынгер жақтан атуды (жаяу және ат үстінде) бала кезінен үйренгенін білеміз. Одан бөлек, жауынгерлер соғыс және аңшылық кезінде жақ атудың жоғары технологиясы мен ептілігін ылғи шыңдап отырған. Бұл туралы фольклорлық материалдар да анықтама береді. Мысалы, Мұсабай жыршының Ертедегі Шора батыр² жырында Шора батыр³ бес жасынан бастап жақ атуды үйрене бастағаны айтылады:

Нақ бес жаққа келгенде,

Садақ буды беліне (Бабалар сөзі 2007: т. 45; 42).

Байырғы заман және ерте Орта ғасыр көшпенді-жауынгерлердің жақ салынған садақты беліне арнайы бір баумен тағып жүруі археологиялық артефактілермен расталған (Қрыганов 1996: 347).

С. Герберштейн XVI ғасырдың басында Еуразияның батыс даласындағы ноғай көшпенділері туралы былай деп жазды: «Олардың қаруы – жақ пен оқтар, қылыштар сирек кездеседі» (Герберштейн, Записки... 2008: т. I; 401). XVI ғасырдың ортасында Еуразияның батыс даласынан жүріп өткен ағылшын саяхатшысы А. Дженкинсон өз жазбаларында: «... татарлар ешқашан жақсыз, оқсыз және семсерсіз (жорыққа – Ә.А.) шықпайды...», «...олар ат үстінде де, жаяу жүрсе де өте әккі мергендер» деп жазады (Английские... 1937: 178).

Батырлар жырларында қашық ұрыс қаруының түрі – жақ өз атауымен өте сирек айтылады. Ағылшын шығыстанушысы, тюркологы Дж. Клоусон оны көне түркі термині деп қарап, ол қазақ тілінде «Kzx. jak: «bow» («weapon»)» түрінде айтылатынын жазады (Clouston 1972: 869). Ә.Т. Қайдаровтың пікірінше түбірлі морфеманың ортақтығын көрсеткендей бұл термин фонетикалық эволюцияға ұшырап «я / йә / яа / ая / жаа / саа / чаа / хаа / яй / жай / сай / чай / жақ / сақ / чах / жая / саға / даға» болып өзгерген. Осы жерде көрсетілген сөздерден кез-келген түркі-монғол тілдері садақ-жақ, қорамсақ, оққа қатысты өз варианттарын ала алады (Қайдаров 1973: 29).

Аталмыш жақ Қобыланды батыр⁴ жырының Мергенбай жыршы қалдырған нұсқасында кездеседі:

Қолына бір-бір оқ алды,

6340 Атуға мерген жақты алды (Бабалар сөзі 2006: т. 38; 174).

²Бұл жырды 1885 жылы Қазалы уезінде тұрған Мұсабай жыршыдан «Ертедегі Шора батыр» деген атпен қағазға ескі кирил әріптерімен жазып алған Е.А. Александров. 1960 жылы Мәскеудегі тарихи музейден оның микрокөшірмесін Алматыдағы ӘӨИ қолжазба бөліміне тапсырған М. Ғұмарова болды (Бабалар сөзі 2007: т. 45; 436).

³Жырдағы *Шора батыр* – бұл шын тарихи тұлға. Көне орыс жазба деректерінде «Чура Нарыкович» атымен белгілі болған ол XVI ғасырдың бірінші жартысында Қазан хандығының әскери-саяси өмірінде *қарашы-бек* лауазымымен елеулі із қалдырған.

⁴Жыр 1954 жылы Қостанай облысында араб әріптерімен жазылып алынған. Жинаушысы Шабай Қалмағамбет (Қазақ қолжазбаларының... 1975: 183–185).

XVIII ғасырда Жетісу өңірінен шыққан Мырқы батырдың сол аумақтағы үйсін, найман, жалайыр рулары және көршілес қырғыздармен бірлесіп жоңғарларға қарсы соғысын жырлаған ақын Әшім Нұрлыбаев жеткізген Мырқы батыр⁵ жырында Мырқы батырдың жауға жағын сайлап тағатсыздана күткені айтылады:

Садағы оқ-жағымен жотасында,

1770 Зорға отыр шыдай алмай көзі жайнап (Бабалар сөзі 2010: т. 59; 258).

Қарап отырсақ бұл жыр шумағында садақ, оқ, жақ бөлек-бөлек көрсетілген. Бұл жерде садақ – жақтың қабы ретінде жырланады. Ш.Ш. Уәлиханов жазбасында да қазақтардың қашық ұрыс қару-жарақтары – садақ пен жақ ажыратылып жазылған (Валиханов 1985: т. 4; 37).

Жақтың көне түркі тіліндегі синонимі болып табылатын жай термині де батырлар жырларында көрініс берген. Мысалы, құба қалмақ заманында Арқадағы Олжабай батырдың қалмақтарға қарсы соғысы туралы Ертай Құлсариев жырлаған Орта жүз Олжабай батыр⁶ жырында садақ пен жай бөлек аталатын тұстар бар:

Алтынды садақ бәрі жай,

Тайкөк деген тұлпарға

720 Мінді сонда оңданып.

Батыр туған Олжабай (Бабалар сөзі 2010: т. 59; 57).

Қазақ батырлар эпосында жырланатын жай көне Оғыз қаған туралы аңызда жырланған: Күнлерде бір күн авға чықты, жыда бірле, иа оқ бірле, тақы қылыч бірле қалқан бірле атлады (қазіргі қазақшада: Күндердің бір күнінде аңға шықты, жыдамен бірге, жақ және оқпен бірге, тағы қылыш пен қалқан алып аттанды – Ө.А.) (Ежелгі Дәуір әдебиеті 1991: 64). Ал XI ғасырдағы Қарахандар дәуірінде өмір сүрген түркінің ғұлама ойшылы Жүсіп Баласағұнның Құтадғу білігінде метафора сарынымен: Kadıñ teg bodum erdi, ol teg kçni, tız, Ya teg egrı boldı, egildim tıñıtım (қазіргі қазақшада: Қайың (ағашындай) еді бойым, оқтай түзу еді, Жайдай иілдім, иілдім де бүгілдім – Ө.А.) (Dilvar 1995: 139). Қазақ тіліндегі «жайрату» етістігі, «жайратып салу» сөз тіркестерінің түбірі осы көне түркінің «жай» зат есімінен шығу мүмкін, яғни «жауды жаймен күйрету, жою». Егер жоғарыда келтірген мысалдарға сәйкес Дала көшпенділерінің қарсыласпен соғыс жүргізуіндегі жауды жеңуі әдетте соғыстың алдында болатын жай (садақ) оғынан жаппай оқ атудың нәтижесіне байланысты болғанын ескерсек, онда бұл пайымымыз расталатын сияқты.

Бұл туралы жанама деректі фольклор деректерінен көруге болады. Мысалы, Мергенбай жыршының Қобыландының Темірланды жеңуі⁷ жырында:

Қолынан түспей садағы.

Егескен жауын жайратып (Бабалар сөзі 2006: т. 38; 299).

Барақ батыр⁸ жырының Ерғожа Құлпыбаев нұсқасында XVIII ғасырдың екінші жартысынан кейінгі Арал маңындағы ұлт-азаттық көтеріліс батырларының бірі – Сатыбалдыұлы Барақтың ұлы Асау батырдың садағы мен жайы жұп болып айтылады:

Аттан жері Сам екен,

Қару-жарақ сай екен.

Қалмай батыр аттанды,

Тартқаны садақ-жай екен (Бабалар сөзі 2010: т. 60; 58).

Осы материалдардан байқағанымыз, жақтың бір синонимі болып табылатын көне түркінің жай термині соңғы уақытқа дейін қазақ әскери лексикасында садақ, жақ терминдерімен қатар дәстүрлі қашық ұрыс қаруына қатысты қолданылып келген.

⁵Аталмыш жыр XX ғасырдың басында қазіргі Алматы облысы, Қаскелең ауданының тұрғыны ақын Әшім Нұрлыбаевтан араб әрпімен жазылып алынған (Қазақ қолжазбаларының... 1975: 303, 304).

⁶Жыр қолжазба ретінде 1939 жылы Алматы облысы, Іле ауданында араб әрпімен жазылып алынған. Олжабай батыр туралы жырдың бірнеше нұсқалары бар (Бабалар сөзі 2010: т. 59; 355, 356).

⁷Бұл жырды да Шабай Қалмағамбет 1954 жылы Қостанай облысы аумағынан Мергенбай жыршыдан жинаған (Қазақ қолжазбаларының... 1975: 183–185).

⁸Жырды Балташ Ысқақов пен Талиға Бекқожина 1961–1962 жылғы экспедиция кезінде Қарақалпақ АКСР, Мойнақ ауданы, Үшсай ауылдық кеңесінің тұрғыны Ерғожа Құлпыбаев деген жыраудан жазып алған (Бабалар сөзі 2010: т. 60; 399–405).

XVIII ғасырдағы Орталық Азия мұсылман халықтарының қашық ұрыс қарулары жай мен оның қабы садақ деп аталатыны қытайлық жазба деректерде кездеседі. Мәселен, XVIII ғасырдың екінші жартысында жазылған Циндин Хуаньюй Сиюй тужи атты Цин дереккөзінде түркі жауынгерлерінің жай қаруы басқа халықтардың жайларынан көрі «өте үлкен» деп сипатталып былай жазылған: «Я (雅). Лук (кит. гун 弓). Делают из кудрании триостренной (кит. чжэму 柘木) основу, из конской гривы делают тетиву. Сила [этих луков] очень большая», ал жайдың қабы садақ туралы: «Сакэдакэ (薩克達克). Это закрывающийся чехол для оружия (кит. гаоцзянь 囊鍵). Изготавливаются из шкур диких зверей, для [перекрытия] горловины используют веревочную петлю или же ремешок». Аталған жазба деректі зерттеген Л.А. Бобров пен А.М. Пастухов бұл терминдерге мынадай түсініктер береді: «Под приводимым цинскими авторами термином (Я – Ө.А.) скрывается одно из традиционных тюркских названий лука – яй, яя, йа (йай), жай (жа)», а «Транскрипция сакэдакэ передает тюркский по происхождению термин сагайдак / саадак / сайдак / садак. В широком смысле он мог использоваться для обозначения всего стрелкового комплекса в целом. В узком – употреблялся в значении «лук», «налуч», «колчан». В тексте «Сиюй тучжи» он упомянут в значении «налуч» или «колчан» (Бобров, Пастухов 2021: 206, 208 б.).

Осы жазба деректерге басқа қырынан назар аударып қарасақ XVIII ғасырдағы Орталық Азияның мұсылман, түркі жауынгерлерінің жағы тұт ағашы тектес материалдан жасалғаны көрсетілген. Қазақ батырлар жырларында да жақты жасау материалы туралы деректі көруге болады. Бірақ біз қарастырып отырған жырда ол қарағай садақ деп жырланады. Мысалы, В.В. Радловтың 1870 жылы Ақмола, Семей, Ташкент қазақтары арасынан жинап, баспаға шығарған Ер Көкше жырында Қосай батыр өзінің садағы туралы былай дейді:

-Қолымдағы қарағай садақ

Қайыра тартқан бар ма екен? (Бабалар сөзі 2007: т. 44; 97).

Бұл жыр шумағында қарағай садақ деп шын мәнісінде жақты (жайды) айтып отырғаны белгілі. Қарутану деректерінен белгілі болғандай қазақ және оларға көршілес халықтардың жауынгерлері ертеден жақтың мықты болуы үшін қарағай, үйеңкі, қайың ағаштарын қолданған (Ахметжан 2006: 96). Жалпы жақтың қабы болып саналатын садақ, қазақ тілінде жақтың өзіне қатысты айтылып кеткенін осы мысалдан да анық көреміз.

Қазақ батырлар эпостарында жырланатын көнерген саржа және бұхаржа терминдері ежелгі түркінің Жа (Жа/Жай), яғни қазақ тіліндегі жай сөзінің түбірінен өзгеріп-дамыған жекелеген терминдер болып табылады.

В.В. Радлов сөздігінде «сары жа (Кіг. – қазақша – Ө.А.) лукъ съ инкрустациями изъ кости» делінеді (Радлов 1911: т. IV, ч. 1; 319), яғни сүйектен безендіріп жасалған сары түсті жақ (жай). Шамасы бұл термин түркі тілдері ішінде қазақ тілінде көп қолданылып кетсе керек. Қазақ қарутанушысы Қ.С. Ахметжанның тұжырымы бойынша жақтың бұлай аталуы оның қайыңның қабығымен (тозы) қапталып, кейіннен сарғайып кетуіне байланысты (Ахметжан 2006: 96).

Біз қарастырып отырған батырлар жырының бірінде саржа жағының жасалу материалы туралы қызықты мәліметтер айтылады. Мысалы, Нұртуған Кенжеғұлұлының Мәулімнияз-Едіге⁹ жырында Едігенің саржасы туралы:

Келе жатыр Едіге

Саржаны көріп-ай.

Ылғи сіңір, тарамыс,

Терісі пілдің көрінді (Бабалар сөзі 2006: т. 39; 249).

Мысал келтірілген жыр шумағына қарасақ жырау саржаның неден дайындалатынын білген сияқты, өйткені жақтың кірісі расымен де тарамыстан, сіңірлерден жасалатын болған. Жалпы фольклорлық материалдарда қару-жарақтардың осындай құрылымдық ерекшеліктері тереңдетіп айтыла бермейді. Жыршы-жыраулар көбінесе қару-жарақты тек батыр-қаһарманның оны жорыққа шығарда үйінде ілініп тұрған жерден алуын, ат үстінде беліне, иығына алып жүруін, жауға қарсы қолдануын жырлаумен ғана шектеліп кетеді. Қала берді жыршы-жыраулық

⁹Аталмыш жырды Нұртуған Кежеғұлұлы Сыр, Арал өңірінде XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында жырласа керек (Бабалар сөзі 2006: т. 39; 405).

дәстүрге тән қару-жарақтардың көлемін, ұзындығын гиперболалық сарынмен тым ұлғайтып, созып жіберуі қазақ батырлар жырларында да көптеп кездеседі. Оның себебі, жыршы-жыраулар өз тыңдарманының назарын заттардың ғаламат пішіні мен кейіпкерлердің ұлылығын жырлап ылғи қызықтырып отыру болса керек. Алайда В.М. Жирмунский және басқа да фольклористер айтқандай қазақ батырлар жырының басқа әлем халықтарының батырлар жырларынан айырмашылығы оның идеялық мазмұнында, сюжеттерінде реализмнің көптеп кездесетінінде, қысқасы тарихи жәйттердің көптігінде.

Батырлар жырларында түркі көшпенділерінің саржадан шебер атуы сипатталған мәліметтер бар. Мысалы, Қарасай, Қазы¹⁰ жырының Құдайберген Шоқаев нұсқасында жырау Қарасай батыр¹¹ туралы жырлай отырып, оның саржа-садақтан алға да, артқа да шебер ататындығын айтады:

Садақпен саржа оқ атқан,

Алды-артына тең атқан (Бабалар сөзі 2007: т. 41; 157).

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқы туралы этнографиялық жазбалар қалдырған А.И. Левшин қазақ жігіттерінің жақ пен оқты өте епті ататын жазған: «Луком и стрелами владеют они довольно искусно, однако ж, оружие сие не столь общее у них, как у башкиров» (Левшин 1996: 302).

Қазақ фольклорлық материалдарында бұхаржа деген жақ атауына қатысты термин кездеседі. Бұхарадан сатып алынған жақты қазақтар бұхаржа деген (Байжанов 1993: 18). Ш.Ш. Уәлиханов өз шығармаларында қазақтар әдетте садақ пен жақты өздері жасайтынын, бірақ Бұхараның – бұхаржасына немесе башқұрт жақтарына басымдық беретінін жазады (Валиханов 1985: т. 4; 37). Осындай жақтарды, жазба және фольклорлық деректерден көріп отырғанымыздай дала жауынгерлері негізінен жылқы, жалпы малға айырбастап, немесе сатып алу арқылы пайдаланған.

Ноғай феодалдары мен Бұхара және басқа Орта Азия хандықтары¹² арасындағы тығыз сауда-экономикалық байланыстарға қарағанда (Керейтов 2009: 159), бұхаржа садағы ноғай батырларының да қолданысында болған болуы мүмкін. Мысалы, Ер Қосай¹³ батырлар жырының Асайын Хангелдин жазып алған нұсқасында ноғайлының Ер Бөкше батыры былай деген:

Алты атқа алған адырна,

Он атқа алған бұхаржа,

Қуысына оқ салып,

Ата алмасам маған серт! (Бабалар сөзі 2007: т. 44; 107).

Қашықтан ұрыс жүргізу қаруы ретінде жақ та Еуразия халықтарының батыр-жауынгерлері үшін қорғаныс жарақтары сауыт пен дулыға сияқты өте құнды қарудың бірі болған. Жақ соғыс жүргізудегі өзінің тікелей де басты физикалық міндетін атқарып, жалпы материалдық субстанция ғана болып қоймай сонымен қатар көне түркілерде саяси инвестирура құралы, сакралды, өзіндік әлеуметтік-философиялық, наным-сенім құндылығына да ие болды (Агаев 2015: 18 – 21).

Жошы Ұлысын мекен еткен ортағасырлық түркі-монғол көшпенділері исламдық прозелитизм үдеріс алған уақытта, тіпті хандар, сұлтандар, бектер және феодалдық ақсүйектер исламды қабылдағаннан кейін де ислам-мұсылман мәдениетін толық сіңіре алмағаны мәлім. Көне ортағасырлық көшпенділер мәдениетінде ислам мен көне нанымдар мен дүниетанымдардың синкретизмі қалыптаса келе пұтқа табынушылық рәсімдері, тәңіршілдік, шамандық, соның ішінде жерлеу рәсіміндегі көне жоралғылар және т.б. сақталып қала берді (DeWeese 1994: 27, 28, 51 – 59).

¹⁰Жырдың бұл нұсқасын И. Ұйықбаев 1947 жылы жинап, қолжазба қорына тапсырған (Бабалар сөзі 2007: т. 41; 416).

¹¹Эпикалық *Қарасай батыр* – XVI ғасырда өмір сүрген шын тарихи тұлға. Кіші Ноғай ордасының негізін қалаушы Қазы *бидің* ағасы. Көне орыс жазба деректерінде *Карапай*, *Хорошай* деген атпен белгілі. Едіге *бидің* ұрпақтары (әкелері Орақ-Алшағыр-Мұса-Уаққас-Нүриддин-Едіге).

¹²Ноғай ұлыстарының билеушілері Орақ және кейінірек Исмаил Еділ бойында көшіп жүріп, Мәскеумен сауда-экономикалық және саяси қатынастарға артықшылық берсе, Жайық пен оның шығыс аумақтарындағы ноғайлы ұлыстарына билік еткен Юсуф, Шейх-Мамай және оның ұлдары Бұхара, Хорезммен қарым-қатынастар жасаған және олар Мәскеудің шығысқа жылжуына қарсы болды (Жирмунский 1974: 419, 420; Исин 2002: 36, 37).

¹³Жырдың бұл нұсқасын қазақ фольклористі, әдебиеттанушысы А. Хангелдин 1938 жылы экспедиция барысында ел аузынан жинап, араб әріптерімен хатқа түсіріп, қолжазбалар қорына тапсырған (Бабалар сөзі 2007: т. 44; 457, 458).

Мәселен, Қарасай, Қазидің¹⁴ жырының Нұртуған Кенжеғұлұлы нұсқасында Қазидің батыр¹⁵ Аллаға, Құдайға немесе әулие-сопыларға емес, қайтыс болған ата-бабаларының әруақтарына, яғни көне наным-сенім бойынша дұға етеді:

Осыны айтып ер Қазиді,
Тесіктен кірді бір өзі,
Сиынып ап әруаққа.
Қолында қылыш болғаны,
«Найза, мылтық, айбалта
Арқалап жаяу қайтем» деп,
Қарамады садаққа (Бабалар сөзі 2008: т. 46; 296).

Фольклор материалдарында Алла, Құдай және Тәңір теонимдері көп жерлерде бірдей және аралас кездеседі, кейде Мухаммед пайғамбар, әсіресе Баба түкті шашты Әзіз, Қыдыр ата, Файып ерен-Қырық шілтен сияқты ортаазиялық түркі мұсылмандарының аңызға айналған әулиелері өте көп кездеседі, сондай-ақ жауынгерлердің рухани пірі болған парсы батыры Рүстем-Дастан да көп айтылады. Батырлардың жақындары мен туған-туыстары жорыққа аттанар кезінде оларды әрқашан осы есімдерді атап бата береді, өз тағдырларының өзгергенін провиденциалдық ырықпен байланыстырады. Эпостағы батырлар әрдайым дерлік шайқас пен жекпе-жек алдында, шайқас барысында, жауды жеңе алмаған кезде қуат беру үшін олардан қолдау сұрайды.

Батырлар жырында қаһарман кейіпкерлер тарапынан Жаратушы немесе әулиелерден қолдау мен дұға тілеу болса, әулиелер де батырларға өз батасын беріп, қару-жарақтарына назар аударған. Мысалы, Едіге батыр¹⁶ жырында Баба түкті шашты Әзіз Едігенің садағына (жағына?) мән беріп, оны пырақ деп атайды:

Садақ пен найза – жарағың,
Жанымды өртеп пырағың (Бабалар сөзі 2008: т. 39; 353).

Одан бөлек фольклор материалдарында батырлар көбіне исламның қорғаушылары ретінде жырланады. Мысалы, Қырымның қырық батыры¹⁷ эпосының бір эпизодында Нүриддин¹⁸ соғыста жеңілген сефевид-қызылбас билеушісі Шаппазды¹⁹ Мұхаммед қауымына өтуге мәжбүрлейді:

–Шаппаз деген хан, – деді,
Айтқан тілімді ал, – деді.
Тілімді егер алмасаң,
Өлтіремін мен, – деді.
Ол – Мұхаммед үмбеті,
Бұл біздің дінге кір, – деді (Бабалар сөзі 2008: т. 50; 135).

Фольклор туындыларындағы осындай мәліметтер археологиялық зерттеулер нәтижесінен табылған заттармен жанама бекітілетін сияқты. Мысалы, 1975–1979 жылдар аралығында И.С. Каменцкий жетекшілігімен Ростов облысында жүргізілген (Донская археологическая

¹⁴Жыр нұсқасын Нұртуған жырау ұстазы Сұлтан шайыр мен Мұхаммед молладан және жырға арқау болған оқиғаларды Қазан қаласынан келген татардың саудагер қартынан естіп, 1914–1916 жылдар аралығында шығарған болуы мүмкін (Бабалар сөзі 2008: т. 46; 483).

¹⁵Эпикалық *Қазидің батыр* шын мәнінде Едігенің алтыншы ұрпағы, Кіші Ноғай ордасы – *Қазидің ұлысының* негізін қалаушы тарихи тұлға (1576 ж.ө.).

¹⁶Жырдың бұл нұсқасын 1984 жылы қазақ фольклорын жинау экспедициясы кезінде фольклор жинаушы Қ. Саттаров пен Ж. Әбдрахманова Қоңырат қаласының (Қарақалпақстан) тұрғыны Қылышбайұлы Қартбай жыраудың аузынан жазып алған (Бабалар сөзі 2008: т. 39; 406).


¹⁷Қазақ батырлар жырларының ноғайлы циклының ішіндегі ең ауқымдысы, әлемдік ауыз әдебиет жауһарларының бірі – *Қырымның қырық батыры* Мұрын жыраудан (Мұрын Сенгірбаев) жазылып алынған эпос. 28400 шумақтан астам өлең жолдарынан тұратын бұл эпосты алғаш рет Қазақ КСР ҒА Әдебиет және өнер институты ғалымдары 1942 жылы хатқа түсірген. Жырдың сюжеттері мен эпизодтарында кейінгі Алтын Орда дәуірінен (XIV ғ.) бастап ерте Жаңа дәуірдегі (XVI ғ.) батыс Қазақстан өңірлері, Еділ-Жайық, Кавказ, Қырым т.б. аумақтарда болған саяси-әскери, тарихи оқиғаларды байқауға болады. Кейбір ғылыми еңбектерде аталған жырды алғаш рет Алтын Орда ханы – Тоқтамыс хан заманында өмір сүрген Сыпыра жырау шығарған деген топшылау ойлар бар (Ағатай 2021: 31).

¹⁸Шын мәнісінде бұл жерде Нүриддин батыр деп Алтын Орда әмірі, беклербегі болған Едігенің кенже ұлы Нүриддинді (ө.ж. 1440) айтып отыр. Нүриддин 1426–1440 жж. аралығында Ноғай Ордасының билеушісі болған.

¹⁹*Шаппаз* – шамасы Сефевидтік Иран шахы Шах Абас немесе ресми тарихнамада Аббас I (билік құрған жылдары 1585–1628) болуы мүмкін. Бірақ оның Ноғай Ордасының билеушісі Нүриддинмен замандас болуы анахронизм (Жирмунский 1974: 500).

экспедиция ИА АН СССР) археологиялық қазба жұмыстары барысында көшпенділердің жерлеу орындарынан жақтың әр түрлі құрылымдық элементтері, оның ішінде Махмуд жазуы бар жақ табылды. Жерлеу XIII ғасырдың соңы – XIV ғасырдың бірінші жартысына жатады деп болжанды. Зерттеушілер артефактілерді талдап болғаннан кейін, осы жақтардың бөліктеріне келесі сипаттама береді: «[Бұл] жақтың сүйектен жасалған ортаңғы қаптамасы. Ұштары сынған, шеттерінде қиғаш ойықтары бар, жазуы бар екінші қаптама марқұмның сол жамбасының түсында жатты. Жақтың сүйектен жасалған ортаңғы қаптамасы алдыңғымен бір типте. Оның сыртқы



жағында арабша  – Махмуд (MAHMUD) деген жалқы есім ойылған. Палеографиялық уақыты – XIV ғасыр. Марқұм пұтқа табынушылық жерлеу рәсімі бойынша жерленген (курсив автордыкі – Ө.А.). Оның шығысқа қарап жерленуі, Алтын Орда этно-мемлекеттік құрылымына кірген қыпшақ-половец екендігін растайды. Жақтағы Махмуд есімі – сол жақтың иесі, яғни жерленген көшпенді-жауынгердің есімі немесе жақ жасаушы шебердің есімі. Біз екінші нұсқаға басымдық береміз. Махмуд есімі Мұхаммед пайғамбардың аты екені сөзсіз, бұл жақ иесінің исламды ұстанатындығын, сонымен қатар арабша оқу мен жазудың ережелерін білетіндігін растайды» (Чхаидзе 2012: Половец-золотоордынец...).

Осы деректерден көретініміз, ислам діні кең етек жая бастағаннан соң кейінгі Орта ғасырлардан бастап көшпенділердің дәулетті батырлары мен жауынгерлері зұлым күштерден, жаулардан қорғану мақсатында өз қаруларын ою-өрнекпен, Құран мәтіндеріндегі қасиетті жазбалармен, Мұхаммед пайғамбардың есімінен және т.б. жазбалармен тұмар ретінде безендірген. Бұл өрнектер тек декоративті ғана емес, діни, магиялық мағыналарға да ие болды деп айтуға болады (Ахметжан 2006: 167).

Батырлар жырларында жақты сипаттау үшін оның сыртқы әрлену-безендірілуіне қатысты (?) бірнеше сөз тіркестері айтылады. Мысалы, Қобыланды батыр²⁰ жырының Нүрпейіс Байғанин жырлаған нұсқасында Қобыланды батырдың садағы туралы:

Орай садақ, саркез оқ,

Белге бусаң жарасқан (Бабалар сөзі 2006: т. 36; 215).

Бұл мысалда әрине садақ деп жақтың қабы да айтылуы мүмкін. Егер мұнда жақтың қабы делінсе, онда саркез оқтың орнына қорамса немесе қылшан айтылуы керек емес пе? Сондықтан да біздің пайымыз бойынша осы жыр шумағында жақтың өзі айтылып, оның жұбы ретінде оқ көрсетілген. Ал орай²¹ терминіне келетін болсақ, сірә бұл нұсқада жақтың адырнасына көркемделіп жасалған оюлы орай меңзелсе керек, яғни орай деп көркем садақ айтылуы мүмкін. Бұлай деуіміздің себебі, кейінгі Орта ғасыр мен ерте Жаңа дәуірде қазақ жауынгерлері жақтарының адырнасының сыртына немесе ішіне ол желімделіп болған соң әдетте өсімдіктің суреті немесе геометриялық сызықтар түсірілетін болған (Бобров, Луки: 2012: 306, 314).

Сонымен қатар, фольклорлық материалдарда жақтың әрлену-безендірілу сипатына қатысты сырлы садақ сөз тіркесі кездеседі. Мысалы, жырау Жақсылық Төлепов қалдырған Олжаш батыр²² жырында Есім хан заманында (?) өмір сүрген қазақтың ірі батыры – Олжаш батырдың осындай қаруы болғаны айтылады:

Тартқанда, тасты бұзған сырлы садақ,

Сан жаудың жүрегінен атқан қадап (Бабалар сөзі 2009: т. 56; 307).

Деректерге жүгінсек расында да ерте Жаңа дәуірдегі ортаазиялық, ирандық, османдық, монғолдық, қытайлық жақтар лакпен сырланып, қызыл, қызыл-қоңыр және қоңыр түстерге боялғанын көреміз. Жалпы алғанда XVII-XVIII ғғ. жақ жасаушы ортаазиялық шеберлер Байырғы, ерте және дамыған Орта ғасырлардағы ғұн, түркі, монғол жақ жасаушы шеберлерінің жетістіктерін қабылдаған, яғни Жаңа дәуірдегі қазақ жақтары Түркі қағанаттары, ортағасырлық

²⁰Жырдың бұл нұсқасын Ақтөбе қаласында 1940 жылы Нүрпейіс Байғаниннің өз аузынан Ахмет Ескендіров деген оқытушы жазып алған (Бабалар сөзі 2006: т. 36; 456).

²¹«Қазақ тілінің аймақтың сөздігінде» орай термині екі түрлі мәнге қолданылған: 1. Ресейдің Саратов өңірі қазақтарының тілінде ол *дөңгелек бет* (мыс.: *Өзі көркем орай бет әйел*) пішініне; 2. Қарақалпақ қазақтары арасында *орталық* сөзінің синонимі (мыс.: *Совхоз орайында кешкі уақытта құлақтан су ашылмасын*) (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі 2005: 539).

²²Жалғыз ғана нұсқадан тұратын жырды жеткізуші Атырау өңірінің атақты жырауы Жақсылық Төлепов. Аталмыш жырды 1949 жылы Гурьев экспедициясы кезінде Жұбаныш Аралбаев хатқа түсірген (Бабалар сөзі 2009: т. 56; 369).

Монғол империясы, Алтын Орда жауынгерлері қолданған күрделі құрамды жақтарының тікелей «ізбасары» болып табылған (Бобров, Луки: 2012: 306, 314; Кушкумбаев 2001: 50).

Батырлар жырларда садақтың мықты түрін меңзейтін берен садақ туралы дерек бар. Мысалы, Орта жүз Олжабай батыр жырында Абылай ханның белгілі батырларының бірі Олжабай батырда сондай садақ болғаны жырланады:

Белде қылыш найзамен,

Жез айыл берен садақ-ты (Бабалар сөзі 2010: т. 59; 73).

Берен термині қазақ тіліне шағатай тілінен еңсе керек. В.В. Радловтың сөздігінде берен: 1. (шағатай тілінде) «лучший бархат»; 2. (қырғыз тілінде) «лучшая сталь» деп аударылған (Радлов 1911: т. IV, ч. 2; 1596). Бірақ қазақ фольклорында бұл термин әсемдігімен, беріктігі мен бірегейлігімен ерекшеленетін тірі және жансыз бұйымдарды сипаттау үшін кеңінен қолданылған. Мысалы, берен сұңқар, берен мылтық, берен жігіт, берен садақ және т.б. (Кайдаров 1973: 30). Сондықтан болар, жырау бұл жерде Олжабай батырдың жағын садақ терминімен белгілеп, тыңдарманға оның мықты да бірегей жақ екеніне назар аударта керек.

Жалпы жоғарыда жазғанымыздай жақ қазақ дәстүрлі мәдениетінде ертеден киелі қару болған. Оны киіз үйдің керегесіне іліп, өте ұқыпты күтіп ұстаған (Кушкумбаев 2001: 54). Сондықтан да болар, мұсылман батыр-жауынгерлер жақтың сыртына қасиетті Құран мәтініндегі аят-сүрелерді немесе Мұхаммед пайғамбардың атын жазған болулары мүмкін.

Батырлар эпостарда жоғарыда келтірілген терминдердің ішінде жақ қаруына қатысты адырна термині көп жырланады. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» адырна – «садақтың оқ салып тартатын кермесі, атылатын оқты ұшыру үшін садақтың екі басын керіп байлаған баулық» деп көрсетілген (Қазақ тілінің қысқаша.. 1966: 21). Алайда Қ.С. Ахметжанның тұжырымы бойынша аталмыш термин жақтың оқты ату функциясын тікелей атқаратын ағаш иіні болып табылады, яғни адырна – жақтың негізгі функционалдық міндетін атқаратын сүйектен, ағаштан жасалған илетін қозғалмалы бөлігі, метонимиялық ауысу нәтижесінде кейінірек жақтың орнына эвфемизм ретінде қолданылып кеткен. Себебі бұл қазақ халқының көне ырымы бойынша қасиетті, қымбат заттардың атын тұтас атамай, оның тек бір құрамдас бөлігімен ғана атау дәстүрлі түсінігіне негізделген (Ахметжан 2007: 91, 94).

Мысалы, Қырымның қырық батырында ноғайлы Мамай батыр жау алдында айтқан «жалынды сөзінде» жақ орнына адырна терминін қолданады:

Бергі жағым – Парпария

Токсан баулы ноғайды

Ақылымен билеген,

Дұшпанға кегін бермеген.

Адырнасын қолға асып,

Жарағын жауға сермеген (Бабалар сөзі 2008: т. 50: 160).

Қазақ батырлар жырларында өте сирек кездесетін тағы бір садақтың құрамдас элементі – бұл бәйенек терминімен берілген садақ (жақ). Мысалы жоғарыда келтірген «Мырқы батыр» жырында:

Садақтың бәйенегі шаңырақтай,

Келтірген сүр мүйізден зордан иіп (Бабалар сөзі 2010: т. 59; 293).

Тағы сол жырдан:

Садақтың бәйенегін сартылдатып,

Екеуі тізе қосып қатар жүрді (Бабалар сөзі 2010: т. 59; 284).

В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» сөздігінде шағатай тілінің «паиндк» сөзі «головка рукоятки ножа – der Kopf des Messerstieles» деп көрсетілген (Радлов 1911: т. IV, ч. 2; 1119). Сірә біздің мысалымыздағы бәйенек осы шағатай тіліндегі «пышақ сабының ұшын» білдіретін сөздің қазақ тіліндегі мәні өзгерген түрі. Егер көршілес өңір халықтарының жекелеген сөздері бір-біріне еніп, өзгеріп отыратынын ескерсек, онда біз қарастырып отырған жыр шумағындағы бәйенек сөзі қазақ батырлар жырында жақ адырнасының бір құрылымы болып өзгерген.

Қорытынды. Байырғы кезең, Орта ғасыр, Жаңа дәуірдегі Еуразия халықтарының әскерінде жақ (жай) – садақ қаруының рөлі өте жоғары болған. Осы қару жеңіл атты әскерді құраған түркі-монғол көшпенді жауынгерлерінің жоғары ұтқырлығын қамтамасыз етіп қана қоймай оның көп ретте қарсыластан басым түсуіне негізгі құрал бола алды. Егер басқа қаруларды тек белгілі бір жерде тұрып, қарсылас күшпен қоян-қолтық ұрыс жағдайында ғана қолдану мүмкін болса, жақ (жай) қаруын көшпенділер бір орында тұрып та, атпен шауып бара жатып та, қала берді жалған шегіну әскери тактикасына сай шауып бара жатып артқы майданға жебелер жаудыра аса шеберлікпен қолдана білген.

Қорытындылай келе айтқанда, қазақ батырлар жырларында айтылған қаһарман-жауынгерлердің қару-жарағының көптеген түрлері мен типтері, кейінгі Орта ғасырлар мен Жаңа дәуірдегі Қазақстан мен оған іргелес аумақ көшпенділерінің түпнұсқа қорғаныс жарақтарына, сондай-ақ қашық және жақын ұрыс қаруларының түпнұсқа үлгілеріне сәйкес келетінін атап өткен жөн. Қазақ батырлар жырлары материалдары аталған тарихи кезеңдегі қазақтардың, ноғайлар мен қырымдық татарлардың, қалмақтардың әскери-мәдени мұрасын зерттеу жөніндегі дереккөздерді кешенді талдау шеңберінде тартылуы мүмкін.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің қаржылай қолдауымен жазылды (№ BR10965240 гранты).

Information about authors:

Agatay Otkirbay Miltikbayuli – PhD Candidate, L.N. Gumilyov Eurasian National University. Kazakhstan, Astana. e-mail: agatayotkirbay@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8840-010X>

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Агаев Ю.Ш. Лук и стрелы как символы власти и элементы ритуального обряда у тюркских народов // Austrian Journal of Humanities and Social Sciences. Section 3: History. – 2015. – С. 18 – 21.

Ағатай Ө.М. Қазақ ақын-жыраулары жырлаған ноғайлы батырлық дастандарының қысқаша тарихнамасы // XXI ғасырдағы түркі әлемінің интеграциясы және қыпшақтық фактор: халық. конф. материалдары. – Түркістан, – 2021. 29–36 б.

Английские путешественники в Московском государстве в XVI веке / Пер. с англ. Ю.В. Готье. – Ленинград. 1937. – 308 с.

Ахметжан Қ.С. Қазақ дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы: Алматыкітап, 2006. – 216 б.

Байжанов Т.Б. История военной лексики в казахском языке. Автореф. дис. на соиск. уч. степ. док. фил. наук: 10.02.06 / Байжанов Тузелбай Байжанович. – Алматы, 1993. – 44 с.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. т. 36. – Астана: Фолиант, 2006. – 480 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. т. 38. – Астана: Фолиант, 2006. – 332 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. т. 39. – Астана: Фолиант, 2006. – 448 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. т. 41. – Астана: Фолиант, 2007. – 448 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. т. 44. – Астана: Фолиант, 2007. – 496 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. т. 45. – Астана: Фолиант, 2007. – 465 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. т. 46. – Астана: Фолиант, 2008. – 512 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. т. 50. – Астана: Фолиант, 2008. – 464 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Тарихи жырлар. т. 56. – Астана: Фолиант, 2009. – 408 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Тарихи жырлар. т. 59. – Астана: Фолиант, 2010. – 400 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Тарихи жырлар. т. 60. – Астана: Фолиант, 2010. – 448 б.

Бисембаев А.А. Археологические памятники кочевников средневековья Западного Казахстана (VIII–XVIII вв.). – Уральск, 2003. – 232 с.

Бобров Л.А. Луки казахских воинов эпохи позднего Средневековья и раннего Нового времени. Вопросы производства, конструкции и боевого применения // Военное дело Улуса Джучи и его наследников: Сборник научных статей. – Астана: Фолиант, 2012. – С. 296–328.

Бобров Л.А., Ожередов Ю.И. Доспех воина Джамсарана. Центральноазиатский панцирь-«куяк» из собрания МАЭС ТГУ. – Новосибирск: ИПЦ НГУ, 2021. – 228 с.

Бобров Л.А., Пастухов А.М. Вооружение и знамена мусульманского населения Восточного Туркестана и сопредельных территорий середины XVIII в. по материалам «Циньдин Хуаньюй Сиюй тучжи» // Монголоведение. – Т. 13, № 2. – 2021. – С. 186–221.

Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. т. 4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 463 с.

Герберштейн С. Записки о Московии: в 2 т. – Москва: Пам. ист. мысли. т. I. – 2008. – 776 с.

Ежелгі Дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.

Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Ленинград: Изд-во Наука, 1974. – 728 с.

Иванов В.А., Кригер В.А. Курганы кыпчакского времени на южном Урале (XII–XIV вв.). – Москва: Наука, 1988. – 92 с.

Исин А.А. Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV–XVI в. – Семипалатинск, 2002. – 139 с.

Кайдаров А.Т. Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Изв. АН КазССР, 1973. Вып. № 6. – С. 25–34.

Керейтов Р.Х. Ногайцы. Особенности этнической истории и бытовой культуры. – Ставрополь: Сервисшкола, 2009. – 464 с.

Крыганов А.В. Налучья и их ношение раннесредневековыми кочевниками Евразии // Культуры евразийских степей второй половины I тысячелетия н.э. – Самара, 1996. – 384 с.

Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII–XVIII веках. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 172 с.

Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. I том, 1-кітап. Батырлар жыры. – Алматы: Ғылым, 1975. – 352 б.

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ ССР-нің Ғылым баспасы, 1966. – 240 б.

Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.

Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Санкт-Петербург: Императорская Академия Наук, Т. IV, Ч. 1. – 1911. 1–1116 сс.

Радлов В.В. (1911). Опыт словаря тюркских наречий. – Санкт-Петербург: Императорская Академия Наук, Т. IV, Ч. 2. – 1911. 1117–2230 сс. +108 с.

Самашев З., Жетібаев Ж. Қазақ петроглифтері (Көне тамыры мен сабақтастығы). – Алматы: Иль-Тех-Кітап, 2005. – 134 б.

Семенюк Г.И. Оружие, военная организация и военное искусство казахов в XVIII–XIX вв. // Вопросы военной истории России XVIII и первой половины XIX в., – Москва, 1969. – С. 263–272.

Худяков Ю.С. Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. – Новосибирск: Наука, 1986. – 267 с.

Худяков Ю.С. Вооружение центральноазиатских кочевников в эпоху раннего и развитого средневековья. – Новосибирск: Наука. Сиб. отд-ние, 1991. – 190 с.

Худяков Ю.С. Вооружение кочевников Южной Сибири и Центральной Азии в эпоху развитого средневековья. – Новосибирск: Изд-во ИАиЭ СО РАН, 1997. – 160 с.

Чхаидзе В.Н. Половец-золотоордынец-обладатель лука с арабской надписью «Махмуд» // Историко-археологический альманах. Вып. 11. – Москва, 2012. – С. 140–153.

Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish. – Oxford: Oxford University Press, 1972. – 1034 p.

Dawson C. The Mongol Mission. Narratives and Letters of the Franciscan Missionaries in Mongolia and China in the Thirteenth and Fourteenth Centuries. – New York: Sheed and Ward, 1955. – 246 p.

DeWeese D. Islamization and native religion in the Golden Horde: Baba Tьkles and conversion to Islam in historical and epic tradition. – The Pennsylvania State University Press, 1994. – 638 p.

Dilvzar A. Kutadgu Bilig İncelemesi. – Ankara: Yьkseköğretim Kurulu Matbaası, 1995. – 208 s.

Warfare in Inner Asian History: 500-1800. Nicola Di Cosmo ed. – Leiden; Boston: Brill, 2002. – 456 p.

REFERENCES:

Aghayev Y.S. Luk i strely kak simvolы vlasti i elementy ritual'nogo obryada u tyurkskikh narodov [Bow and Arrows as the Symbol of Authority and Elements of Ritual Rites of Turkic Nations]. Austrian Journal of Humanities and Social Sciences. Section 3: History. – 2015. – P. 18–21. [in Russian].

Agatay O.M. Қазақ ақын-зhyraulary zhyrlaған noғayly batyrлық dastandaryнuң kыsqasha tarikhnamasy [Brief Historiography of the Nogaic Heroic Epic Sung by Kazakh Zhyrau and Poets]. Integration of the Turkic World in the XXI Century and the Kipchak Factor: Materials from International Conference. – Turkestan, 2021. – P. 29–36. [in Kazakh].

Angliyskie puteshestvenniki v Moskovskom gosudarstve v XVI veke [English Travellers in Muscovy in the 16th Century]. – Leningrad, 1937. – 308 p. [in Russian].

Akhmetzhan K.S. Қазақ дәстүрлі қару-зหารарының этнографиясы [Ethnography of Kazakh Traditional Weaponry]. – Almaty: Almatykitap, 2006. – 216 p. [in Kazakh].

Bayzhanov T.B. Istoriya voennoy leksiki v kazakhskom yazyke [The History of Military Vocabulary in the Kazakh Language]. (PhD Dissertation Abstract). – Almaty: 1993. – 44 p. [in Russian].

Babalar sozi: Batyrlar zhyry [The Word of the Ancestors: Heroic Epic]. – Astana: Foliant, vol. 36. 2006. – 480 p. [in Kazakh].

Babalar sozi: Batyrlar zhyry [The Word of the Ancestors: Heroic Epic]. – Astana: Foliant, vol. 38. 2006. – 332 p. [in Kazakh].

Babalar sozi: Batyrlar zhyry [The Word of the Ancestors: Heroic Epic]. – Astana: Foliant, vol. 39. 2006. – 448 p. [in Kazakh].

Babalar sozi: Batyrlar zhyry [The Word of the Ancestors: Heroic Epic]. – Astana: Foliant, vol. 41. 2007. – 448 p. [in Kazakh].

Babalar sozi: Batyrlar zhyry [The Word of the Ancestors: Heroic Epic]. – Astana: Foliant, vol. 44. 2007. – 496 p. [in Kazakh].

Babalar sozi: Batyrlar zhyry [The Word of the Ancestors: Heroic Epic]. – Astana: Foliant, vol. 45. 2007. – 465 p. [in Kazakh].

Babalar sozi: Batyrlar zhyry [The Word of the Ancestors: Heroic Epic]. – Astana: Foliant, vol. 46. 2008. – 512 p. [in Kazakh].

Babalar sozi: Batyrlar zhyry [The Word of the Ancestors: Heroic Epic]. – Astana: Foliant, vol. 50. 2008. – 464 p. [in Kazakh].

Babalar sozi: Tarikhi zhyrlar [The Word of the Ancestors: Historical Epic]. – Astana: Foliant, vol. 56. 2009. – 408 p. [in Kazakh].

Babalar sozi: Tarikhi zhyrlar [The Word of the Ancestors: Historical Epic]. – Astana: Foliant, vol. 59. 2010. – 400 p. [in Kazakh].

Babalar sozi: Tarikhi zhyrlar [The Word of the Ancestors: Historical Epic]. – Astana: Foliant, vol. 60. 2010. – 448 б. [in Kazakh].

Bisembayev A.A. Arkheologicheskie pamyatniki kochevnikov srednevekov'ya Zapadnogo Kazakhstana (VIII–XVIII vv.) [Archaeological monuments of the Medieval Nomads of West Kazakhstan (8th–18th Centuries)]. – Ural'sk, 2003. – 232 p. [in Russian].

Bobrov L.A. Luki kazakhskikh voynov epokhi pozdnego Srednevekov'ya i rannego Novogo vremeni. Voprosy proizvodstva, konstruktsii i boevogo primeneniya [Bows of Kazakh Warriors of the Late Middle Ages and Early New Age. Issues of Production, Construction and Military Use]. Voennoe delo Ulusa Dzhuchi i ego naslednikov: Sbornik nauchnykh statey [Military Affairs of Ulus of Joci and His Heirs: A Collection of Scientific Articles]. Astana: Foliant, 2012. – P. 296–328. [in Russian].

Bobrov L.A., Ozheredov Yu.I. Dospekh voina Dzhamsharana. Tsentral'noaziatskiy pantsir'–«kuyak» iz sobraniya MAES TGU [Armor of the Warrior Jamsaran: Central Asian 'Kuyak' Armor from the Museum of Siberian Archaeology and Ethnography, Tomsk State University]. – Novosibirsk: NSU, 2021. – 228 p. [in Russian].

Bobrov L.A., Pastukhov A.M. Vooruzhenie i znamena musul'manskogo naseleniya Vostochnogo Turkestana i sopredel'nykh territoriy serediny XVIII v. po materialam «Tsin'din Khuan'yuy Siyuy tuchzhi» [Weapons and Banners of Moslem Population in East Turkestan and Adjacent Territories, Mid–18th Century: A Case Study of “Qinding Huangyu Xiyu Tuzhi”]. Mongolian Studies. – 2021. Vol. 13, no 2. – P. 186–221. [in Russian].

Valikhanov Ch.Ch. Sobranie sochineniy v pyati tomakh, T. 4. [Collection of Essays in 5 Volumes, Vol. 4]. – Almaty: Main Edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1985. – 463 p. [in Russian]. [in Russian].

Gerbershteyn S. Zapiski o Moskovii: v 2 t., T. 1. [Notes on Muscovy: in 2 Volumes, Vol. 1.]. – Moscow: Pamyatniki istoricheskoy mysli, 2008. – 776 p. [in Russian].

Ezhelgi Dəuir ədəbiəti [Literature of the Antiquity]. – Almaty: Ana tili, 1991. – 280 p. [in Kazakh].

Zhirmunskiy V.M. Tyurkskiy geroicheskiy epos [Turkic Heroic Epic]. – Leningrad: Nauka, 1974. – 728 p. [in Russian].

Ivanov V.A., Kriger V.A. Kurgany kypchakskogo vremeni na yuzhnom Urale (XII–XIV vv.) [Kypchak Barrows in the Southern Urals (12th–14th cc.)]. – Moscow: Nauka, 1988. – 92 p. [in Russian].

Isin A.A. Kazahskoe hanstvo i Nogayskaya Orda vo vtoroy polovine XV–XVI v. [Kazakh Khanate and Noghai Horde in the second half of the 15th–16th cc.]. – Semipalatinsk, 2002, – 139 p. [in Russian].

Kaydarov A.T. Dosppekhi i vooruzhenie voina-batyra v kazakhskom epose i ikh etno-lingvisticheskoe ob'yasnenie [The Armour and Weapon of the Batyr Warrior in the Kazakh Epic]. Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Social Series. 1973. No 6. P. 25–34. [in Russian].

Kereytov R.H. Nogaytsy. Osobennosti etnicheskoy istorii i bytovoy kul'tury [The Noghais. Features of Ethnic History and Domestic Culture]. – Stavropol': Servisshkola, 2009. – 464 p. [in Russian].

Kryganov A.V. Naluch'ya i ikh noshenie rannesrednevekovymi kochevnikami Evrazii [Bowcases and their wearing by the early medieval nomads of Eurasia]. Kul'tury evraziyskikh stepey vtoroy poloviny I tysyacheletiya n.e. [Cultures of the Eurasian Steppes of the Second Half of the 1st Millennium AD]. – Samara, 1996. – P. 344–352. [in Russian].

Kushkumbayev A.K. Voennoe delo kazakhov v XVII–XVIII vekakh [Military Affair of the Kazakhs in the 17th–18th Centuries]. – Almaty: Dayk-Press, 2001. – 172 p. [in Russian].

Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. I том, 1-кітап. Батырлар зhyры [A Scientific Description of Manuscripts of the Kazakhs. Volume 1, Book 1. Heroic Epic]. – Almaty: Gylym, 1975. – 352 p. [in Kazakh].

Қазақ тілінің қысқаша етимологиялық сөздігі [Concise Dictionary of Kazakh Etymology]. – Almaty: Gylym, 1966. – 240 p. [in Kazakh].

Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ikh, ili kirgiz-kaysatskikh, ord i stepey [Description of the Kyrgyz-Kazak or Kyrgyz-Kaysak Hordes and Steppes]. – Almaty: Sanat, 1996. – 656 p. [in Russian].

Radlov V.V. Opyt slovarya tyurkskikh narechiy [Experience of the Dictionary of Turkic Dialects]. St. Petersburg: Imperial Academy of Sciences. 1911. Vol. 4, part 1. – 1911. 1–1116 pp. + 64 p. [in Russian].

Radlov V.V. (1911). Opyt slovarya tyurkskikh narechiy [Experience of the Dictionary of Turkic Dialects]. St. Petersburg: Imperial Academy of Sciences. 1911. Vol. 4, part 2. – 1117–2230 pp. + 108 p. [in Russian].

Samashev Z, Zhetibaev Zh. Қазақ петроглифтері (Көне тамыры мен сабақтастығы) [Kazakh Petroglyphs (Ancient Roots and Continuity)]. – Almaty: Il'-Tekh-Kitap, 2005. – 134 p. [in Kazakh].

Semenyuk G.I. Oruzhie, voennaya organizatsiya i voennoe iskusstvo kazakhov v XVIII–XIX vv. [Weapons, Military Organization and Military Art of the Kazakhs in the 18th–19th centuries]. Voprosy voennoy istorii Rossii XVIII i pervoy poloviny XIX v. [The Military History of Russia in the 18th and first half of the 19th centuries]. – Moscow: Nauka, 1969. – P. 263–272. [in Russian].

Khudyakov Yu.S. Vooruzhenie srednevekovykh kochevnikov Yuzhnoy Sibiri i Tsentral'noy Azii [Arms of Medieval Nomads of Southern Siberia and Central Asia]. – Novosibirsk: Nauka, 1986. – 267 p. [in Russian].

Khudyakov Yu.S. Vooruzhenie tsentral'noaziatskikh kochevnikov v epokhu rannego i razvitogo Srednevekov'ya [Armament of the Central Asian Nomads in the Era of the Early and Developed Middle Ages]. – Novosibirsk: Nauka, 1991. – 190 p. [in Russian].

Khudyakov Yu.S. Vooruzhenie kochevnikov Yuzhnoy Sibiri i Tsentral'noy Azii v epokhu razvitogo Srednevekov'ya [Arms of Nomads of Southern Siberia and Central Asia in the Era of the Developed Middle Ages]. – Novosibirsk: Institut arkheologii i etnografii SO RAN, 1997. – 160 p. [in Russian].

Chkhaidze V.N. Polovets-zolotoordynets-obladatel' luka s arabskoy nadpis'yu «Makhmud» [Cumanian-Golden Horde men – Owner of a Bow With an Arabic Inscription “Mahmud”]. Historical and Archaeological Almanac. – Moscow, Iss. 11, 2012. – P. 140–153.

Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish. – Oxford: Oxford University Press, 1972. – 1034 p.

Dawson C. The Mongol Mission. Narratives and Letters of the Franciscan Missionaries in Mongolia and China in the Thirteenth and Fourteenth Centuries. – New York: Sheed and Ward, 1955. – 246 p.

DeWeese D. Islamization and native religion in the Golden Horde: Baba Tьkles and conversion to Islam in historical and epic tradition. – The Pennsylvania State University Press, 1994. – 638 p.

Dilьzar A. Kutadgu Bilig İncelemesi. – Ankara: Yьksekьğretim Kurulu Matbaasi, 1995. – 208 s.

Warfare in Inner Asian History: 500-1800. Nicola Di Cosmo ed. – Leiden; Boston: Brill, 2002. – 456 p.

МАЗМҰНЫ ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Бұрханов Б.Б. КЕҢЕСТІК ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ).....	4
Кушқумбаев А.Қ., Уалиев Т.А. ЕР ЕДІГЕ ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ (XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. I-жартысы).....	15
Қапаева А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921 – 1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ.....	27

ТАРИХ

Ағатай Ө.М. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖАҚ (ЖАЙ) ҚАРУЫ.....	41
Бекенова А.А. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ШАРУАЛАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСТАҒЫ МЕРЕКЕЛЕУ МӘДЕНИЕТІ (1945 – 1955).....	56
Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.Қ. 1930 – 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МУЗЕЙ САЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	70
Закарья Р. ЕУРОПАЛЫҚ МИГРАНТТАРДЫҢ КСРО-ҒА ҚОНЫС АУДАРУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	81
Көкебаева Г.К., Шілдебай С.Қ., Стамшалов Е.И. 1967 ЖЫЛҒЫ ШЫМКЕНТ КӨТЕРІЛІСІ	98
Крупко И.В. ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ БЕЙНЕ ЖӘНЕ НАРРАТИВ СЕМИОЗИСІ: ЖОҒАЛҒАН АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ ІЗДЕСТІРУ БАРЫСЫНДА.....	112
Күнікеев А.Д., Жетпісбай Н.Ы. ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1822 – 1840).....	126
Қалыбекова М.Ш. XX ҒАСЫРДЫҢ 30 – 50 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРІГЕЙЛІКТІ ЖОЮ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	138
Қасымова Д.Б. Ж. ШАЯХМЕТОВ ПЕН Д. ҚОНАЕВ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕН ҚАЛАЙ КЕТТІ: ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	151
Қозыбаева М.М. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАН КОЛХОЗДАРЫНЫҢ	

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ (1946 – 1953).....	163
Қуанбай О.Б. ҚҰЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ (1715–1776).....	172
Құдайбергенова А.И., Мамытова С.Н., Көбеев Р.Ж. АШЫҚҚАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ АУЫП БАРҒАН ЖЕРДЕГІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АРХИВТІК ДЕРЕКТЕРДЕН (1931 – 1933).....	185
Муканова Г.К., Байжуманова З.Б. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ РЕДАКТОРЛЫҒЫНДАҒЫ «БАХАИЗМ» ЖАЙЛЫ ДӘРИСТЕР ЖӘНЕ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВТЫҢ «ОҚУЛЫҚ ЖАЗБАЛАРЫ».....	196
Нурсултанова Л.Н., Еркін А.Е. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫСТЫҢ САЯСИ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ТАРИХИ-ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИ.....	206
Оразов Р.Е., Сатенова М.Р. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ.....	217
Оспанов Н.М. КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БҰҰ-ДАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРДЫ РЕПАТРИАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ.....	228
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛТЕРІС ҚАҒАН ТУРАЛЫ ШІНАРА МӘЛІМЕТТЕР.....	238
Сарманова С.Р., Қозыбаева М.М., Маслов Х.Б. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	249
Сманова А.М. АХМЕТ ЗӘКИ УӘЛИДИДІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	257
Стась И.Н., Нурбаев Ж.Е., М.М. Козыбаева АҚМОЛА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХІХ Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҒИБАДАТХАНА ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН (ФОТОҚҰЖАТТАР МАТЕРИАЛДАРЫНДАҒЫ СӘУЛЕТТІК ТАЛДАУ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Құрманалина, А.Н. Конкабаева ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ҰЛТЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МУЗЕЙ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	277
Түрсүн Х.М., Шаметов С.Т., Исаев М.С. ИСЛАМДЫҚ ЖӘНЕ ХРИСТИАНДЫҚ ЖЕРАСТЫ МІНАЖАТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕР.....	289
Ханна Матт ЖАҒАҒАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАУ ҚҰБЫЛЫСЫ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ: ТҮРКІСТАН ТӘЖІРИБЕСІ (1914 – 1916).....	301

Черепанов К.В.

Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ АЛМАТЫНЫҢ ЕЛОРДАЛЫҚ
КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....314

Шакиева А.С.

ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ:
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ).....329

Шотанова Ғ.А., Өжкенев Е.М., Жұмаділ А.Қ.

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР:
ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ БАСТАЛУЫ.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КЕШЕНДІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ-ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ ҚОБДА ӨЛКЕСІНДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....353

Ганиева А., Ананьевская Е., Хасенова Б.

ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЫНЫҢ ЗАТТЫҚ ТОПТАМАСЫ:
АҚМОЛА ӨҢІРІНДЕГІ ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....361

Кулагина Е.В., Смағұлов Б.Қ., Болсынбек Т.Н.

ОМБЫ ӨЛКЕТАНУШЫСЫ СЕРГЕЙ РОМАНОВИЧ ЛАПТЕВТИҢ ЖОЛ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕГІ
ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНЕ
ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР.....370

Рогожинский А.Е., Камалдинов И.Р.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ
(2021 – 2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АЛДЫН-АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ).....384

МЕРЕЙ ЖАС

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевұлы – 80 жас.....393

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

Б.Б. Бурханов О НЕКОТОРЫХ СПЕЦИФИЧЕСКИХ ЧЕРТАХ ИСЛАМА В СОВЕТСКОЙ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР).....	4
А.Қ. Кушкумбаев, Т.А. Уалиев ИСТОРИОГРАФИЯ ЭПОСА ЕР ЕДІГЕ ВО II ПОЛОВИНЕ XIX – I ПОЛОВИНЕ XX ВВ.....	15
А.Т. Капаева ТЕОРЕТИКО–МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ГОЛОДА 1921 – 1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ.....	27

ИСТОРИЯ

У.М. Агатай ТРАДИЦИОННОЕ ОРУЖИЕ ЛУК В КАЗАХСКОМ ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ.....	41
А.А. Бекенова КУЛЬТУРА ПРАЗДНОВАНИЯ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ КРЕСТЬЯН КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ (1945-1955).....	56
Н.К. Дуйсенова, Б.Қ. Смагулов НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ МУЗЕЙНОЙ СФЕРЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930-Х – 1950-Х ГГ.....	70
Р. Закарья ПРЕДПОСЫЛКИ МИГРАЦИИ В СССР ЕВРОПЕЙСКИХ МИГРАНТОВ, А ТАКЖЕ ИХ ОСНОВНЫЕ КАТЕГОРИИ.....	81
Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай, Е.И. Стамшалов ЧИМКЕНТСКОЕ ВОССТАНИЕ 1967 ГОДА.....	98
И.В. Крупко СЕМИОЗИС ОБРАЗА И НАРРАТИВА ОТРАРСКОЙ БИБЛИОТЕКИ: В ПОИСКАХ УТРАЧЕННОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ.....	112
А.Д. Куникеев, Н.Ы. Жетписбай ВОССТАНИЕ ПОД РУКОВОДСТВОМ ЖОЛАМАНА ТЛЕНШИЕВА (1822-1840).....	126
М. Калыбекова ПРОБЛЕМЫ РАЗРУШЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В 30-50-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	138
Д.Б. Касымова КАК «УХОДИЛИ» СО СВОИХ ПОСТОВ Ж. ШАЯХМЕТОВ И Д. КУНАЕВ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	151
М.М. Козыбаева	

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КОЛХОЗОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД (1946-1953).....	163
О.Б. Куанбай КУЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ (1715-1776).....	172
А.И. Кудайбергенова, С.Н. Мамытова, Р.Д. Кубеев ИЗ АРХИВНЫХ ДАННЫХ О ПРЕБЫВАНИИ КАЗАХСКИХ ГОЛОДОБЕЖЕНЦЕВ НА МЕСТАХ ОТКОЧЕВКИ (1931-1933).....	185
Г.К. Муканова, З.Б. Байжуманова ЛЕКЦИЯ ПО «БЕХАИЗМУ», РЕДАКТОР БУКЕЙХАНОВ И «ПИСАНИЕ УЧЕБНИКОВ» СМАГУЛОМ САДВОКАСОВЫМ.....	196
Л.Н. Нурсултанова, А.Е. Еркін ПОЛИТИКО – ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И БЛИЖНЕГО ВОСТОКА: ИСТОРИКО – ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	206
Р.Е. Оразов, М.Р. Сатенова АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ И КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО.....	217
Н.М. Оспанов ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО СОЮЗА В ООН В ОТНОШЕНИИ ПРОБЛЕМЫ РЕПАТРИАЦИИ ВОЕННОПЛЕННЫХ.....	228
Ж. Ошан ЧАСТИЧНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ОБ ЭЛЬТЕРИС-ХАНЕ В КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКАХ.....	238
С.Р. Сарманова, М.М. Козыбаева, Х.Б. Маслов АЛИХАН БУКЕЙХАН И ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КАЗАХОВ.....	249
А. Сманова НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ФОРМИРОВАНИЕ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ УСТАНОВОК АХМЕТА ЗАКИ ВАЛИДИ.....	257
И.Н. Стась, Ж.Е. Нурбаев, М.М. Козыбаева ИЗ ИСТОРИИ ХРАМОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В Г. АКМОЛИНСК ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ (АРХИТЕКТУРНЫЙ АНАЛИЗ НА МАТЕРИАЛАХ ФОТОДОКУМЕНТОВ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Курманалина, А.Н. Конкабаева ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ МУЗЕЙНОГО ДЕЛА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	277
Х.М. Турсун, С.Т. Шаметов, М.С. Исаев ОБЩИЕ ЧЕРТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИСЛАМСКИХ И ХРИСТИАНСКИХ ПОДЗЕМНЫХ МОЛИТВЕННЫХ МЕСТ.....	289

Ханна Матт

ГЛОБАЛЬНЫЙ ФЕНОМЕН ВОЕННОГО ПЛЕНА
В ПЕРИОД ПЕРВОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ОПЫТ ТУРКЕСТАНА (1914 – 1916).....301

К.В. Черепанов С.Е. Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
КОМПЛЕКСНОЙ ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ
ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ РЕГИОНЕ.....314

А.С. Шакиева

ИССЛЕДОВАНИЕ УЛУСА ДЖУЧИ В ИСТОРИИ ОТЕЧЕСТВА:
СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД И СОВРЕМЕННАЯ ИСТОРИЯ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....329

Г.А. Шотанова, Е.М. Ужкенов, А.К. Жумадил КАЗАХИ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ:

НАЧАЛО МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАДИЦИОННОГО ОБЩЕСТВА.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

С.Е.Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ КОМПЛЕКСНОЙ
ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ
РЕГИОНЕ.....353

А. Ганиева, Е. Ананьевская, Б. Хасенова

ПРЕДМЕТНАЯ КОЛЛЕКЦИЯ КАЗАХСКОГО КЫСТАУ:
ПО МАТЕРИАЛАМ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В АКМОЛИНСКОМ ПРИИШИМЬЕ.....361

Е.В. Кулагина, Б.Қ. Смагулов, Т.Н. Болсынбек

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ ПО ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ
В ПОЛЕВЫХ ЗАМЕТКАХ ОМСКОГО КРАЕВЕДА СЕРГЕЯ РОМАНОВИЧА ЛАПТЕВА.....370

А.Е. Рогожинский, И.Р. Камалдинов

СРЕДНЕВЕКОВЫЕ ГОРОДИЩА АСПАРА И ШАРУАШЫЛЫК
(ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ В 2021 – 2022).....384

ЮБИЛЕЙ

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевич – 80 лет.....393

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

B.B. Burkhanov ON SOME SPECIFIC FEATURES OF ISLAM IN SOVIET CENTRAL ASIA (HISTORIOGRAPHICAL REVIEW).....	4
A.K. Kushkumbayev, T.A. Ualiyev HISTORIOGRAPHY OF YER YEDIGE EPIC IN 2 ND HALF OF 19 – 1 ST HALF OF 20 CC.....	15
A.T. Капаева THEORETICAL AND METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF THE FAMINE OF 1921–1922. IN KAZAKHSTAN.....	27

HISTORY

O.M. Agatay A BOW AS A TRADITIONAL WEAPON IN THE HEROIC EPICS OF THE KAZAKHS.....	41
A.A. Bekenova CULTURE OF CELEBRATION IN THE EVERYDAY LIFE OF THE PEASANTS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR DECADE (1945-1955).....	56
N.K. Düisenova, B.Q. Smagulov SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....	70
R. Zakarya PREREQUISITES FOR MIGRATION OF EUROPEAN MIGRANTS TO THE USSR, AS WELL AS THEIR MAIN CATEGORIES.....	81
G.K. Kokebayeva, S.K. Shildebai, E.I. Stamshalov SHYMKENT UPRISING OF 1967.....	98
I.V. Krupko SEMIOSIS OF THE IMAGE AND NARRATIVE OF THE OTRAR LIBRARY: IN SEARCH OF THE LOST ENLIGHTENMENT.....	112
A.D. Kunikeev, N.N. Zhetpisbay THE UPRISING LED BY ZHOLAMAN TLENSHIEV (1822 –1840).....	126
M. Kalybekova PROBLEMS OF THE DESTRUCTION OF NATIONAL IDENTITY IN THE 30-50s XX CENTURY.....	138

D. Kassymova

HOW Z. SHAYAKHMETOV AND D. KUNAYEV LEFT THEIR POSTS:
COMMON AND PARTICULAR.....151

M.M. Kozybayeva

SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE COLLECTIVE
FARMS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR PERIOD (1946 – 1953).....163

O. Kuanbay

KULSARY BATYR – DIPLOMAT, STATE AND PUBLIC ACTOR (1715 – 1776).....172

A.I. Kudaibergenova, S.N. Mamytova, R.D. Kubeyev

FROM ARCHIVAL DATA ON THE STAY OF THE KAZAKH FAMINE REFUGEES IN THE MIGRATION
DESTINATIONS (1931 – 1933).....185

G.K. Mukanova, Z.B. Baizhumanova

LECTURE ON "BEHAISM", EDITOR BUKEIKHANOV AND "WRITING TEXTBOOKS" BY SMAGUL
SADVOKASOV.....196

L.N. Nursultanova, A.E. Erkin

POLITICAL AND ECONOMIC COOPERATION OF KAZAKHSTAN
AND THE MIDDLE EAST: HISTORICAL AND CHRONOLOGICAL ASPECT.....206

R.E. Orazov, M.R. Satenova

AKHMET BAITURSYNOV AND KAZAKH SOCIETY.....217

N.M. Ospanov

THE POLICY OF THE SOVIET UNION IN THE UN WITH RESPECT TO THE PROBLEM OF
REPATRIATION OF PRISONERS OF WAR.....228

Zh. Oshan

PARTIAL INFORMATION ABOUT ELTERIS KHAN IN CHINESE SOURCES.....238

S.R. Sarmanova, M.M. Kozybayeva, K.B. Maslov

ALIKHAN BUKEIKHAN AND THE DEVELOPMENT
OF THE ETHNIC IDENTITY OF THE KAZAKHS.....249

A. Smanova

SCIENTIFIC ACTIVITY AND FORMATION OF THE WORLDVIEW OF AKHMET ZAKI
UALIDI.....257

I.N. Stas, Zh.Y. Nurbayev, M.M. Kozybayeva

FROM THE HISTORY OF TEMPLE CONSTRUCTION IN AKMOLINSK
IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES
(ARCHITECTURAL ANALYSIS ON THE MATERIALS OF PHOTOGRAPHIC DOCUMENTS).....266

Sh.B. Tleubayev, S.G. Belous, N.N. Kurmanalina, A.N. Konkabayeva

ACTIVITIES OF PUBLIC ORGANIZATIONS AND NATIONAL INTELLIGENTIA ON THE
ORGANIZATION OF MUSEUM BUSINESS IN THE BEGINNING OF THE XX CENTURY.....277

H.M. Tursun, S.T. Shametov, M.S. Isaev

COMMON FEATURES IN THE CONSTRUCTION AND OPERATION OF ISLAMIC AND CHRISTIAN
UNDERGROUND PRAYER PLACES.....289

Hanna Matt

GLOBAL CAPTIVITY IN THE FIRST WORLD WAR:
PRISONERS OF WAR IN TURKESTAN, 1914 – 1916.....301

K. Cherepanov

THE ROLE OF D. A. KUNAEV IN SHAPING THE CAPITAL IMAGE OF ALMATY.....314

A. Shakiyeva

THE STUDY OF THE JOCHI ULUS IN THE HISTORY OF THE FATHERLAND:
THE SOVIET PERIOD AND MODERN HISTORY (COMPARATIVE ANALYSIS).....329

G.A. Shotanova, E.M. Uzhkenov, A.K. Zhumadil

KAZAKHS OF THE BUKEY HORDE: THE BEGINNING
OF MODERNIZATION OF TRADITIONAL SOCIETY.....340

ANTHROPOLOGY

S.E. Azhigali, B.A. Ashim

SOME RESEARCH RESULTS OF THE WEST KAZAKHSTAN INTEGRATED ETHNOGRAPHIC AND
ETHNOARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2021 IN THE KHOBDA REGION.....353

A. Ganieva, E. Ananyevskaya, B. Khassenova

COLLECTION OF FINDS OF THE SETTLEMENT OF BOZOK II IN THE NORTHERN
SARYARKA.....361

Y.V. Kulagina, B.Q. Smagulov, T.N. Bolsynbek

SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM
SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....370

A.E. Rogozhinsky, I.R. Kamaldinov

MEDIEVAL CITY-SITES ASPARA AND SHARUASHYLYK
(PRELIMINARY RESULTS OF RESEARCH IN 2021 – 2022).....384

ANNIVERSARY

Aldazhumanov Kaidar Seisembayevich – 80 years old.....393

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Шевченко көш., 28,
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«edu.e-history.kz» журналының редакциясы
Телефон: +7 (727) 261-67-19
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.